

## БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

### «ҚазМұнайГаз»Барлау Өндіру» АҚ

#### 2013 жылдың алғашқы үш айының қаржылық нәтижелері

**Астана, 15 мамыр 2013 ж.** «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ (бұдан әрі – «ҚМГ БӨ», «Компания») 2013 жылдың 31 наурызында аяқталған, үш ай мерзімге арналған аралық қысқартылған топтастырылған қаржылық есепті жариялайды.

- Экспортқа шығарылатын мұнай бағасының айтарлықтай төмендеуі, ішкі нарыққа жеткізілім бағасының айтарлықтай жоғары болуымен ішінара өтелуіне байланысты 2012 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда түскен кіріс 2%-ға төмен болып, 202 млрд. теңгені құрады (1 342 млн. АҚШ доллары)<sup>1</sup>. Brent маркалы мұнайдың орташа бағасы 2012 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда, 5%-ға төмен болып, баррельіне 119 АҚШ долларынан 113 долларға дейін төмендеді.
- Негізінен қосымша шығындар есебінен құнсыздану, таза шығын 0,7 млрд. теңгені (4 млн. АҚШ доллары) және бір акцияға шығын 10 теңгені (бір ЖДҚ-ға 0,01 АҚШ доллары) құрады.
- Өндірістік шығыстар 43 млрд. теңгені (284 млн. АҚШ доллары) құрады, бұл 2012 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда, 36%-ға көп. Айтарлықтай өсу, қызметкерлерге сыйақының, электроқуатына және жөндеу мен қызмет көрсету шығыстарының артуымен түсіндіріледі.

#### Өндірістік көрсеткіштер

2013 жылдың алғашқы үш айында ҚМГ БӨ «Қазгермұнай» БК» ЖШС (ҚГМ), ССЕЛ (ССЕЛ) және «ПетроҚазақстан Инк.» (ПҚИ) компанияларындағы үлестерін есептегенде, 3 002 мың тонна (тәулігіне 247 мың баррель) мұнай өндірді, бұл 2012 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 1%-ға аз. «Өзенмұнайгаз» АҚ («ӨМГ») 1 237 мың тонна (тәулігіне 101 мың баррель) өндірді, бұл 2012 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда шамалас, өзгеріссіз, «Ембімұнайгаз» АҚ («ЕМГ») 691 мың тонна (тәулігіне 56 мың баррель) өндірді, 2012 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 16 мың тоннаға немесе 2%-ға артық, осылайша ӨМГ және ЕМГ жалпы өндіру көлемі 1 927 мың тоннаны (тәулігіне 158 мың баррель) құрады, 2012 жылдың аталған кезеңімен салыстырғанда 1%-ға көп және өндіру көлеміне сәйкес келеді.

ҚМГ БӨ компаниясының ССЕЛ, ҚГМ және ПҚИ компанияларының өндірісіндегі үлесі 2013 жылдың алғашқы үш айында 1 074 мың тонна (тәулігіне 89 мың баррель) болды, 2012 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 44 мың тоннаға немесе 4%-ға кем, бұл аталған бірлескен кәсіпорындардағы өндіру жоспарына сәйкес келеді.

#### Мұнайды сату

<sup>1</sup> Сомалар АҚШ долларына тек оқырмандарға ыңғайлы болуы ескеріліп, жиынтық есептер мен ақша қаражатының қозғалысы туралы жиынтық есептер үшін тиісті кезеңдегі орташа айырбас бағамы (2013 жылдың бірінші тоқсаны және 2012 жылдың бірінші тоқсаны үшін орташа бағамдар сәйкесінше, 150,67 теңге және 148,13 теңге/ АҚШ доллары, 2013 жылдың 31 наурызына және 2012 жылдың 31 желтоқсанына аяқталған мерзімге бағамдар сәйкесінше, 150,84 және 150,74 теңге/АҚШ доллары) бойынша және жиынтық кезеңнің соңындағы бағам бойынша ауыстырылды.

2013 жылдың алғашқы үш айында ӨМГ және ЕМГ мұнай сатылымының экспорттық көлемі 1 490 мың тоннаны (тәулігіне 122 мың баррель) құрады, ішкі нарыққа жөнелтілім 505 мың тоннаны (тәулігіне 41 мың баррель) құрады.

ҚМГ БӨ компаниясының ССЕЛ, ҚГМ және ПҚИ компанияларының мұнай сатылымындағы үлесі экспортқа шығарылған 966 мың тонна мұнайды (тәулігіне 80 мың баррель) қоса алғанда, 1 088 мың тоннаны (тәулігіне 90 мың баррель) құрады, бұл компания жалпы сату көлемінің 89% -ын құрайды.

### **Көрсетілген мерзімдегі (шығын) таза пайда**

2012 жылдың алғашқы үш айында таза шығын 0,7 млрд. теңгені (4 млн. АҚШ доллары) құрады, бұл негізінен кірістің төмендеуі, құнсыздану бойынша қосымша шығыстармен, бірлескен және қауымдасқан кәсіпорындардағы кірістердің төмендеуімен және өндірістік шығыстардың өсуімен байланысты түсіндіріледі.

### **Ақша түсімі**

2013 жылдың алғашқы үш айында қаржы түсімі 2012 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 2%-ға төмендеп, 202 млрд. теңгені (1 342 млн. АҚШ доллары) құрады. Аталған төмендеу экспортқа мұнай бағасының 5%-ға төмендеуімен, ішкі рынокқа жеткізілім бағасының өсуі ішінара өтелуімен және ішкі жеткізілім көлемінің ұлғаюымен байланысты.

Мұнай сатылымының экспорттық көлемі 2012 жылдың бірінші тоқсанындағы деңгеймен шамалас болды.

### **Кіріс салығынан басқа салықтар**

Кіріс салығынан басқа салықтар 2013 жылдың алғашқы үш айында 76 млрд. теңгені (506 млн. АҚШ доллары) құрады, 2012 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда бұл 1%-ға артық.

Өсім 2010-2011 жылдары салықтық тексеру нәтижесінде қоршаған ортаның ластанғаны үшін есептелген салық шығындарының 4,4 млрд. теңгеге (29 млн. АҚШ доллары) өсуімен (негізгі мәселе артық қалдықтарды орналастыру бойынша болды), ПҚӨС-қа шығыстардың төмендеуінің ішінара өтелуімен және мұнай бағасының төмендеуі есебінен ренттік салықпен түсіндіріледі.

### **Өндірістік шығыстар**

2013 жылдың алғашқы үш айында өндірістік шығындар 2012 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 36%-ға өсіп, 43 млрд. теңгені құрады (284 млн. АҚШ доллары). Бұл өсімнің басым бөлігі қызметкерлерге төлемдердің, электрқуатының, жөндеу және қызмет көрсету шығындарының артуымен түсіндіріледі.

2013 жылдың алғашқы үш айында қызметкерлерге төлемдер бойынша шығыстар 2012 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 22%-ға өсті. Өсім негізінен 2013 жылдың қаңтарынан бастап өндірістік қызметкерлер еңбекақысының 7%-ға индексациялануы нәтижесінде болды. Сондай-ақ 2013 жылдың бірінші тоқсанында екі сервистік компанияның (ӨҚБ «БЖБ» және «ТТБЖҰҚК» ЖШС) шығыстары өндірістік шығыстар құрылымында көрініс тапты, осы уақытта 2012 жылдың бірінші тоқсанында аталған шығыстар әкімшілік шығыстар құрамында есептелген.

Негізінен электрқуатын тұтыну және тасымалдау тарифтерінің өсуі есебінен электрқуатына шығыстар 46%-ға артты. Жөндеу және қызмет көрсету бойынша қызметтер 61%-ға артты,

бұл негізінен өндірістік бағдарламаға сәйкес, ұнғымаларды жөндеу бойынша операциялар санының 154-тен 268-ге дейін артуына байланысты болды.

### **Сату шығындары және әкімшілік шығындар**

2013 жылдың алғашқы үш айында сату шығындары және әкімшілік шығындар 22 млрд. теңгені (146 млн. АҚШ доллары) құрады, бұл 2012 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 12%-ға жоғары, бұл негізінен көлік шығыстарының, айыппұлдар және өсімпұлдардың ұлғаюуынан болды, екі сервистік кәсіпорынның әкімшілік шығыстарының өндірістік шығыстарға санатталуына байланысты қызметкерлер төлемдері бойынша шығыстардың төмендеуіні ішінара өтелуімен болды.

Көлік шығыстарының өсуі «ҚазТрансОйл» тарифтерінің 2012 жылдың желтоқсанынан бастап 40%-ға өсуімен байланысты болды. Айыппұлдар мен өсімпұлдардың өсуі 2010-2011 жылдары салықтық тексерулер нәтижесінде (негізгі мәселе қалдықтарды орналастыру бойынша болды), қоршаған ортаның ластанғаны үшін салық бойынша өсімнің 1,3 млрд.теңгеге (9 млн.АҚШ доллары)есептелуімен түсіндіріледі.

### **Барлау және бағалау бойынша шығыстар**

Барлау және бағалау бойынша шығыстар 2012 жылдың осындай кезеңіндегі 1,3 млрд. теңгемен (9 млн.АҚШ доллары) салыстырғанда, 2013 жылдың алғашқы үш айында 6,6 млрд. теңгені құрады (44 млн.АҚШ доллары). Компания Солтүстік теңіздің White Bear келешекті алаңында бұрғыланған, құрғақ ұнғыманы есептен шығару бойынша 6,1 млрд.теңге (41 млн.АҚШ доллары) көлеміндегі шығыстарды таныды.

### **Қосымша құнсыздану**

Компания басшылығы «Өзенмұнайгаз»АҚ қайтарымды бағасының құнын жаңғыртты және 2013 жылдың алғашқы үш айында 56 млрд.теңге мөлшерінде құнсыздануға(370 млн. АҚШ долларына жуық) қосымша шығыстарды таныды. Құнсыздануға қосымша шығыстар, негізінен 2013 жылдың 12 сәуірінде экспорттық салықтың ұлғаюуы жатады.

### **Салық салу**

2012 жылдың 12 шілдесінде Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті Компанияның 2006-2008 жылдарға арналған салықтық тексеру жұмыстарын тәмәмдады. 2011 жылдың қазанында басталған салықтық тексеру жұмыстарының нәтижесінде, салық органдарымен 16,9 млрд.теңге көлемінде қосымша есептеулер жүргізілді, оның 5,8 млрд.теңгесі салық соммасын, 7,2 млрд.теңгесі әкімшілік айыппұлды және 4,0 млрд.теңгесі дер кезінде төленбегені үшін өсімпұлға байланысты соманы құрады. Қазіргі уақытта ҚМГ БӨ ҚР Қаржы министрлігінің Салық комитетінің тексеру нәтижелеріне шағымдану процесінде (топтастырылған қаржылық есептілікке 19 ескертпені қарауыңызды сұраймын).

### **«Өзенмұнайгаз»АҚ экологиялық аудит**

2013 жылдың 25 қаңтарында Маңғыстау облыстық Экология департаментінен экологиялық залал үшін мемлекеттік бюджетке 59,6 млрд.теңге төлеу туралы «Өзенмұнайгаз»АҚ-ына хабарландыру келіп түсті. Залал соммасы 2011 жылдың 27 тамызы мен 2012 жылдың 12 қарашасы аралығындағы кезеңде жүргізілген тексеру нәтижесі бойынша белгіленген. «Өзенмұнайгаз» АҚ аталған хабарландырумен келіскен жоқ және Маңғыстау облысының Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотына шағым түсірді.. Осыған

байланысты, Компания басшылығы «Өзенмұнайгаз»АҚ бұл мәселе бойынша берік ұстанымда және аталған сомма бойынша сәтті шағымдана алады деп пайымдайды, Компания 2013 жылдың 31 наурызындағы жағдай бойынша аталған хабарландыруға байланысты резервті есептеген жоқ.

### **Операциялық қызметтер ақша ағымдары**

2013 жылдың алғашқы үш айында операциялық қызметтен таза ақша ағымдары, 2012 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 55 %-ға төмен болып, 30 млрд. теңгені (200 млн.АҚШ доллары) құрады, бұл негізінен түсімдердің төмендеуімен, өндірістік шығыстардың өсуімен, пайдаға салық бойынша төлемдер сомасының артуымен және айналымдағы капиталдың өзгеруімен байланысты.

### **Күрделі салымдар**

2013 жылдың алғашқы үш айында күрделі салымдар (ақша қаражатының қозғалысы туралы есепке сәйкес негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алу) 37 млрд. теңгені (245 млн. АҚШ доллары) құрады, бұл 2012 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 202%-ға жоғары.

### **Акционерлерге төлемдер**

2013 жылдың 18 сәуірінде Директорлар кеңесі 2012 жылдың таза пайдасынан төленетін ҚМГ БӨ бір жәй және артықшылықты акциясы үшін дивиденд мөлшерін ұсынды. Акционерлердің жалпы жиналысы қабылдаған жағдайда бір жәй және артықшылықты акция үшін дивиденд мөлшері 1 619 теңгені (ҚР заңнамаларына сәйкес алынатын салықтарды есептегенде) құрайды, бұл баламалы 110 млрд. теңгеге<sup>21</sup> жуық (740 млн. АҚШ долларына жуық).

### **Ақша қаражаттары және займдар**

2013 жылдың 31-наурызында ақша қаражаттары мен олардың баламаларының сомасы 2012 жылдың 31 желтоқсанындағы 155 млрд. теңгемен (1,0 млрд. АҚШ доллары) салыстырғанда, 174 млрд. теңгені (1,2 млрд. АҚШ доллары) құрады.

2013 жылдың 31 наурызындағы басқа да қаржы активтерінің сомасы 2012 жылдың 31 желтоқсанындағы 522 млрд. теңгемен (3,7 млрд. АҚШ доллары) салыстырғанда, 528 млрд. теңгені (3,5 млрд. АҚШ доллары) құрады.

Басқа қаржы активтері ҚМГ ҰК шығарған қарыз құралын (бұдан әрі Облигация), депозиттерді қамтиды. 2013 жылдың 31-наурызындағы жағдай бойынша ҚМГ ҰК Облигациялар сомасы 137 млрд. теңгені (0,9 млрд. АҚШ доллары) құрайды.

2013 жылдың 31-наурызындағы жағдай бойынша ақша қаражаттары мен қаржы активтерінің (Облигацияны қосқанда) 81 %-ы шетел валютасында, ал 19%-ы теңгеде қайта номинацияланды.

Ақша қаражаттары мен қаржы активтері бойынша есептелген қаржылық кіріс 2013 жылдың алғашқы үш айында 5,8 млрд. теңгені (39 млн. АҚШ доллары) құрады.

---

2. 2013 жылдың 5 сәуіріндегі жағдай бойынша акциялар саны негізіне есептелген.

2013 жылдың 31 наурызы күнгі займдардың сомасы 2012 жылдың 31 желтоқсаны күнгі жағдай бойынша 7,3 млрд. теңгемен (48 млн.АҚШ доллары) салыстырғанда, 7,2 млрд. теңгені (47 млн.АҚШ доллары) құрады.

2013 жылдың 31 наурызы күні бойынша таза ақша қаражаттарының сомасы<sup>3</sup> 2012 жылдың 31 желтоқсанындағы 699 млрд. теңгемен (4,6 млрд. АҚШ доллары) салыстырғанда, 694 млрд. теңгені (4,6 млрд. АҚШ доллары) құрады.

### **Стратегиялық сатып алулардан түсім**

2013 жылдың алғашқы үш айында қауымдасқан компаниялардағы және бірлесіп бақыланатын кәсіпорындардағы үлестерден түскен кіріс 2012 жылдың сәйкес кезеңінде алынған 26 млрд. теңгемен (174 млн. АҚШ доллары) салыстырғанда, 21 млрд. теңгені (137 млн. АҚШ доллары) құрады. Қауымдасқан компаниялар мен бірлесіп бақыланатын кәсіпорындардың 2013 жылдың алғашқы үш айындағы нәтижелеріне 2012 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда, негізінен мұнай бағасының мейлінше төмен, мұнай сату көлемінің азаюы және операциялық шығыстардың өсуі әсер етті.

### **Қазгермұнай**

2013 жылдың бірінші үш айында ҚМГ БӨ ҚГМ компаниясының қатысуындағы өзінің үлесінен 10 млрд. теңге (69 млн. АҚШ доллары) мөлшеріндегі кірісті таныды. ҚГМ таза пайдасы өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда, 2013 жылдың алғашқы үш айында 6%-ға төмендеді, бұл негізінен мұнай бағасының мейлінше төмен болуы және операциялық шығыстардың өсуімен байланысты болды.

### **ПетроҚазақстан Инк.**

2013 жылдың бірінші үш айында ҚМГ БӨ ПҚИ компаниясының қатысуындағы өзінің үлесінен 10 млрд. теңге (67 млн. АҚШ доллары) мөлшеріндегі кірісті таныды.

2013 жылдың алғашқы үш айында ПҚИ таза пайдасы өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда, 32%-ға кеміді, бұл негізінен, мұнайды сату көлемінің төмендеуімен байланысты болды.

### **CCEL**

Компания 2013 жылдың 31 наурызындағы жағдай бойынша өзінің балансында 18,9 млрд. теңгені (125 млн. АҚШ долларын) қытайлық CITIC Group компаниясымен бірлесіп бақылайтын кәсіпорын CCEL компаниясынан алынатын шот ретінде көрсетті.

2013 жылдың алғашқы үш айында ҚМГ БӨ 26,87 млн. АҚШ доллары мөлшеріндегі CCEL компаниясынан алынатын жылдық басымдықты төлемнің бір бөлігін білдіретін 0,6 млрд. теңге (4,3 млн. АҚШ доллары) мөлшеріндегі пайыздық кірісті есептеді.

\*\*\*

<sup>3</sup> Есепті кезең соңындағы жағдай бойынша займдар сомасы алынған (Облигацияны қосқанда) ақша қаражаттары, олардың баламалары және басқа да қаржы активтерінің сомасы ретінде есептеледі.

2013 жылдың 31-наурызында аяқталған үш ай үшін қысқартылған топтастырылған аралық қаржылық есеп, сондай-ақ қаржылық жағдайдың талдауы мен қаржы-экономикалық қызметтің нәтижелері Компанияның веб-сайтында ([www.kmgep.kz](http://www.kmgep.kz)) жарияланатын болады.

**ҚОСЫМША****Жиынтық кіріс туралы топтастырылған қысқартылған аралық есеп (тексерілмеген)***Миллион теңгемен*

	<b>31 наурызға аяқталған үш айға</b>	
	<b>2013</b>	<b>2012</b>
Кірістер	202.185	206.853
Қауымдасқан компаниялар мен бірлескен кәсіпорындардың нәтижелеріндегі үлес	20.700	25.747
Қаржылық кіріс	5.813	5.562
<b>Түсім мен басқа кірістердің жиыны</b>	<b>228.698</b>	<b>238.162</b>
Өндірістік шығындары	(42.801)	(31,367)
Сату және әкімшілік шығындары	(22.058)	(19,668)
Барлау шығындары	(6,620)	(1,298)
Ескіру, тозу және амортизация	(12.400)	(12,570)
Табыс салығынан басқа салықтар	(76.239)	(75,181)
Негізгі құралдардың құнсыздануы	(57.164)	(56)
Негізгі құралдарды шығарудан түскен шығындар	(656)	(152)
Қаржыландыру шығындары	(1.954)	(1,503)
Бағамдық айырмашылық кірістері /(шығыстары), нетто	876	(2,518)
<b>Салық салғанға дейінгі табыс</b>	<b>9.682</b>	<b>93.849</b>
Табыс салығы шығындары	(10.342)	(18,631)
<b>Кезеңдегі пайда (шығын)</b>	<b>(660)</b>	<b>75.218</b>
Шетелдік операцияларды қайта санаудан бағамдық айырмашылық	160	(585)
<b>Салықтарды шегергендегі кезеңдегі басқа жиынтық кірістер/(шығыстар)</b>	<b>160</b>	<b>(585)</b>
<b>Салықтарды шегергендегі кезеңдегі жиынтық (шығыс) кірістердің жиыны</b>	<b>(500)</b>	<b>74.633</b>
<b>БІР АКЦИЯҒА ПАЙДА/(ШЫҒЫС) – МЫҢ ТЕҢГЕ</b>		
Базалық және молайтылған	(0,01)	1,07

## Қаржылық жағдай туралы қысқартылған аралық топтастырылған есеп

миллион теңгеде

	31 наурыз 2013 жыл (тексерілмеген)	31 желтоқсан 2012 жыл ( тексерілген )
<b>АКТИВТЕР</b>		
Ұзақ мерзімді активтер		
Негізгі құралдар	276.066	325.520
Материалдық емес активтер	12.542	19.584
Бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар	100.241	89.252
Қауымдасқан компанияларға инвестициялар	129.255	118.959
Бірлесіп-бақыланатын кәсіпорындардың дебиторлық қарызы	14.972	14.326
Бірлескен кәсіпорындардан алынатын займдар	15.244	13.150
Басқа да қаржылық активтер	3.062	1.085
Кейінге қалдырылған салық бойынша активтер	38.755	31.968
Басқа активтер	19.966	17.200
<b>Ұзақмерзімді активтер жиыны</b>	<b>610.103</b>	<b>631.044</b>
<b>Ағымдағы активтер</b>		
Тауар-материалдық қорлар	19.562	25.058
Табыс салығы бойынша алдын ала төлеу	38.026	17.806
Салықтар мен ҚҚС өтеуге алдын-ала төлем	60.056	56.257
Пайдалы қазбаларды өндіруге салықтар бойынша алдын ала төлем	8.429	8.073
Алдағы кезендердің шығындары	15.332	15.539
Сауда және басқа да дебиторлық қарыз	115.427	101.168
Бірлесіп-бақыланатын кәсіпорындардың дебиторлық қарызы	3.898	3.895
Басқа да қаржылық активтер	524.460	550.556
Ақша қаражаттары мен олардың баламалары	173.816	154.705
<b>Ағымдағы активтердің жиыны</b>	<b>959.006</b>	<b>933.057</b>
<b>Активтер жиыны</b>	<b>1.569.109</b>	<b>1.564.101</b>
<b>КАПИТАЛ</b>		
Жарғылық капитал	162.960	162.952
Басқа резервтер	2.520	2.474
Бөлінбеген пайда	1.153.675	1.154.335
Басқа капитал құрамы	18.169	18.009
<b>Капитал жиыны</b>	<b>1.337.324</b>	<b>1.337.770</b>
<b>МІНДЕТТЕМЕЛЕР</b>		
<b>Ұзақмерзімді міндеттемелер</b>		
Займдар	4.692	4.848
Резервтер	38.092	36.927
<b>Ұзақмерзімді міндеттемелер жиыны</b>	<b>42.784</b>	<b>41.775</b>
<b>Ағымдағы міндеттемелер</b>		
Займдар	2.464	2.462
Табыс салығына төлем	45.722	32.103
Пайдалы қазбаларды өндіру салығына және ренталық салыққа төлем	60.936	50.417
Сауда және басқа да кредиторлық қарыз	56.540	82.255
Резервтер	23.339	17.319
<b>Ағымдағы міндеттемелер жиыны</b>	<b>189.001</b>	<b>184.556</b>
<b>Міндеттемелер жиыны</b>	<b>231.785</b>	<b>226.331</b>
<b>Міндеттемелер мен капитал жиыны</b>	<b>1.569.109</b>	<b>1.564.101</b>



## Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы қысқартылған аралық жиынтық есеп (тексерілмеген)

Миллион теңгеде

	31 наурызда аяқталған үш ай үшін	
	2013	2012
<b>Операциялық қызметтен ақша қаражатының ағымдары</b>		
Салық салымына дейінгі пайда	9.682	93.849
Ақшалай емес баптарды қосу (алу) үшін түзетулер		
Ескіру, тозу және амортизация	12.400	12.570
Қауымдасқан компаниялар мен бірлескен кәсіпорындардың нәтижелеріндегі үлес	(20.700)	(25.747)
Негізгі құралдарды шығару шығындары	656	152
Негізгі құралдардың және материалдық емес активтердің құнсыздануы	57,168	56
Барлау және бағалау активтері бойынша нәтижесіз барлау ұңғымаларының шығындары	6,215	1.207
Үлестес құралдарға негізделген төлемдерді тану	54	89
Үлестес құралдарды алу	(8)	-
Операциялық емес қызметтен түскен бағамдық айырмашылықтың жүзеге аспаған шығындары/ (кіріс)	(285)	1.546
Басқа да ақшалай емес кірістер мен шығыстар	840	688
Қаржыландыруға плюс шығыстар	1.954	1.503
Инвестициялық қызметке жататын минус қаржылық кірістер	(5.813)	(5.562)
Айналымдағы капиталды түзету		
Басқа да активтердегі өзгеріс	230	68
Тауар-материалдық қорлардағы өзгерістер	7.089	2.320
Өтелетін ҚҚС мен салықтар бойынша алдын-ала төлемдегі өзгерістер	(3.799)	5.612
Болашақ кезеңдердің шығындарындағы өзгерістер	205	(2.035)
Сауда және басқа да дебиторлық қарыздардағы өзгерістер	(14.250)	(16.241)
Сауда және басқа да кредиторлық қарыздардағы өзгерістер	(14.540)	1.570
Төленетін пайдалы қазбаларды өндіру салығы мен ренталық салықтағы өзгерістер	10.163	9.536
Резервтердегі өзгерістер	6.432	320
Төленген табыс салығы	(23.519)	(13.858)
<b>Операциялық қызметтен ақша қаражатының таза ағымдары</b>	<b>30.174</b>	<b>67.643</b>
<b>Инвестициялық қызметтен ақша ағымдары</b>		
Негізгі құралдарды сатып алу	(34.279)	(11.995)
Негізгі құралдарды сатудан түскен түсім	10	699
Материалдық емес активтерді сатып алу	(2.634)	(215)
Бірлескен кәсіпорынға берілген займ	(2.711)	(341)
Өтеуге дейін ұстап қалынатын қаржылық активтерді сату/(сатып алу)	26.111	(42.624)
Алынған төлемдер	2.692	1.284
<b>Инвестициялық қызметке пайдаланылған ақша қаражаттарының таза ағымдары</b>	<b>(10.811)</b>	<b>(53.192)</b>
<b>Қаржы қызметінің ақша ағымдары</b>		
Өзіндік акцияларды сатып алу	-	(6.604)
Займдарды өтеу	(267)	(529)
Компания акционерлеріне төленген дивидендтер	(1)	(644)
<b>Қаржылық қызметке пайдаланылған ақша қаражаттарының таза ағымдары</b>	<b>(268)</b>	<b>(7.777)</b>
Ақша қаражаттары мен олардың баламаларын таза өзгерту	19.095	6.674
Жыл басындағы ақша қаражаттары мен олардың баламалары	154.705	206.512
Ақша қаражаттары мен олардың баламалары бойынша оң/(теріс)бағамдық айырмашылық	16	(154)
<b>Кезең соңындағы ақша қаражаттары мен олардың баламалары</b>	<b>173.816</b>	<b>213.032</b>

Төменде 2013 жылдың 31 наурызынжа аяқталған үш айға, көліктік және басқа да шығыстар есептеле отырып, мұнай және мұнай өнімдерін сату бағалары туралы деректер келтірілген.

<b>1тоқсан. 2013ж.</b> (доллар США/барр)	<b>ӨАС</b>	<b>КҚК</b>	<b>Ішкі нарық.</b>
Жарияланатын нарықтық баға <sup>2</sup>	112.57	112.57	-
Сату бағасы	108.94	110.19	37.18
Сапа банкі	-	(7.74)	-
Баррелизация коэффициенті бойынша сыйақы	0.08	9.14	-
<b>Сатылған баға<sup>3</sup></b>	<b>109.02</b>	<b>111.59</b>	<b>37.18</b>
Ренталық салық	(24.77)	(24.77)	-
Экспорттық кедендік салық	(5.54)	(5.07)	-
Көлік шығындары	(8.97)	(7.56)	(1.80)
Сату бойынша комиссия	-	-	-
<b>Нетбэк</b>	<b>69.74</b>	<b>74.19</b>	<b>35.38</b>

<b>1тоқсан. 2012ж.</b> (АҚШ доллары /барр)	<b>УАС</b>	<b>КТК</b>	<b>Внутр.</b>
Жарияланатын нарықтық баға <sup>5</sup>	118.60	118.60	-
Сату бағасы	115.22	116.53	33.90
Сапа банкі	-	(8.03)	-
Баррелизация коэффициенті бойынша сыйақы	0.37	9.57	-
<b>Сатылған баға<sup>6</sup></b>	<b>115.59</b>	<b>118.07</b>	<b>33.90</b>
Ренталық салық	(26.09)	(26.09)	-
Экспорттық кеден салығы	(5.52)	(5.08)	-
Көлік шығындары	(7.78)	(7.21)	(1.08)
Сату бойынша комиссия	(0.07)	(0.07)	-
<b>Нетбэк</b>	<b>76.13</b>	<b>79.62</b>	<b>32.83</b>

<b>Анықтамалық ақпарат</b>	<b>1тоқсан. 2012ж.</b>	<b>1тоқсан. 2013ж.</b>
Кезеңге орташа бағам US\$/ KZT	148,13	150,67
Кезең соңындағы US\$/KZT бағамы	147,77	150,84
ҚМГ БӨ үшін баррелдерді мұнай тоннасына қайта есептеу коэффициенті		7,36
Қазгермұнай үшін мұнай тоннасына қайта есептеу коэффициенті		7,70
Коэффициент пересчета баррелей в тонны нефти для CCEL үшін мұнай тоннасына баррелді қайта есептеу коэффициенті		6,68
Коэффициент пересчета баррелей в тонны нефти для ПКИ ПҚИ үшін мұнай тоннасына баррелді қайта есептеу коэффициенті		7,75

## АҚПАРАТ

**ҚМГ БӨ** мұнай өндіру көлемі жағынан Қазақстанда көшбасшылардың үштігіне кіреді. Компанияның өндіру көлемі «Қазгермұнай» БК ЖШС мен CCEL («Қаражанбасмұнай» АҚ) және «ПетроҚазақстан Инк.» компанияларындағы үлестерді

<sup>4</sup> Нарықтық баға ретінде Brent (DTD) мұнай котировкасы қолданылды.

<sup>5</sup> Қаржылық есеп бойынша баға бір тонна мұнай үшін 7,23 баррель коэффициенті бойынша алынды.

есептегенде, 2012 жылы 12,2 млн. тоннаны (тәулігіне 247 мың баррель) құрады. ҚМГ БӨ-нің мұнайдың дәлелденген және болжамды қорларының көлемі 2011 жылдың соңындағы жағдай бойынша 226 млн. тоннаны (1,7 млрд. баррелді), ал еншілес компаниялардағы үлесті есептегенде 2,1 млрд. жуық баррелді құрайды. Компанияның акциялары Қазақстан Қор Биржасында, ал ғаламдық депозитарлық колхаттары – Лондонның Қор Биржасында листингтен өтті. 2006 жылдың қыркүйегіндегі IPO кезінде Компания 2 миллиардтан астам АҚШ долларын тартты. 2011 жылдың желтоқсанында халықаралық Standard & Poor's агенттігі ҚМГ БӨ несиелік рейтингін «BBB-» деңгейінде растады.

#### **Байланыстық ақпарат:**

«ҚМГ БӨ» АҚ, Институционалдық инвесторлармен байланыс (+7 7172 97 54 33)

Әсел Қалиева

e-mail: [ir@kmgep.kz](mailto:ir@kmgep.kz)

«ҚМГ БӨ» АҚ, Жұртшылықпен байланыс (+7 7172 97 79 15)

Жанна Ойшыбаева

e-mail: [pr@kmgep.kz](mailto:pr@kmgep.kz)

#### **Болашаққа қатысты мәлімдеме**

*Осы құжатта «болашаққа қатысты мәлімдеме» болып табылатын немесе есептелетін мәлімдеме қамтылған. Басқаларының арасындағы «санайды», «алдын ала бағалау бойынша», «күтіп отыр», «болжам бойынша», «ұйғарып отыр», «жоспарлап отыр», «ұйғарды», «болады» немесе «болуы тиіс» деген сөздерді қоса алғанда болашақты сипаттауға арналған терминология, не, әр жағдайда осыған ұқсас немесе пара-пар терминология, не талқылауға арналған сілтемелер, болашақ оқиғаның немесе ниеттің жоспарлары, мақсаттары, міндеттері келешекке қатысты мәлімдемені түсіндіруге арналған. Болашаққа қатысты аталған мәлімдеме тарихи фактілер болып табылмайтын барлық мәлімдемелерді қамтиды. Олар ниеттер, пікірлер туралы мәлімдемелерді және Компанияның солармен қатар қызметтің нәтижелеріне, қаржылық жағдайға, Компания жұмыс істеп отырған стратегиялар мен салалардың жойылымдылығына, перспективаларына, өсуіне қатысты күтулері туралы мәлімдемелерді шектеусіз қамитды. Өз тұрғысында болашаққа қатысты өтінімдер болуы мүмкін келешектегі оқиғалар мен жағдайларға қатысты болғандықтан тәуекелмен және белгісіздікпен байланысты. Болашаққа қатысты мәлімдемелер қызметтің болашақ нәтижелерінің кепілдігі болып табылмайды және Компания қызметінің іс жүзіндегі нәтижелері, қаржылық жағдайы және қызметін тоқтатуы және Компания жұмыс істейтін елдер мен салалардың дамуы осы құжатта сипатталған нұсқалардан айтарлықтай өзгеше болуы немесе осы құжатта қамтылған болашаққа қатысты мәлімдемелерге сәйкес жүзеге асуы мүмкін. Компания жаңа ақпараттар алудың, болашақ оқиғалардың немесе қандай да бір өзге де жағдайдың нәтижесінде болса да осы құжатта қамтылған салаға қатысты қандай да болмасын ақпаратты немесе болашаққа қатысты қандай да болмасын мәлімдемені жаңартуды жоспарламайды және ол жөнінде өзіне міндеттеме алмайды. Компания болашаққа қатысты мұндай мәлімдемелерде айтылған нәтижелерге қол жеткізілетіндігіне қатысты ешқандай мәлімдеме жасасмайды, ешқандай растау бермейді және ешқандай болжам жарияламайды.*